

**Өзбекстан Республикасынан Америка Құрама Штаттарына Қазақстан
Республикасының аумағы арқылы уран концентратының транзитіне рұқсат беру
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 ақпан N 220

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. 1992 жылғы 10 сәуірдегі уран концентратын сатып алу-сату шарты бойынша Навои кен-металлургиялық комбинаты (Өзбекстан Республикасы, Навои қаласы) " Ньюкем Инк" корпорациясы үшін (АҚШ, Коннектикут, Стэмфорд қаласы) 2001 жыл бойына жеткізілетін 2300 тонна мөлшердегі уран концентратының (СЭҚ ТН коды 284410000) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалын қамтамасыз етсін. Жөнелту кестесі және шекарадан өту бағыты
қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен уран концентратының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 10 ақпандағы
N 220 қаулысына

ҚОСЫМША

2001 жылы табиғи уранды жөнелту Кестесі

I тоқсан	530 тонна
қаңтар	-
ақпан	250 тонна
наурыз	280 тонна

II тоқсан	560 тонна
сәуір	186 тонна
мамыр	187 тонна
маусым	187 тонна

III тоқсан	600 тонна
шілде	195 тонна
тамыз	202 тонна
қыркүйек	203 тонна

IV тоқсан	610 тонна
қазан	203 тонна
қараша	203 тонна
желтоқсан	204 тонна

Барлығы	2300 тонна
---------	------------

Тасымалдау 20 тонналық контейнерлерде темір жол көлігімен жүзеге асырылады.

Шекаралық өту стансасы Шеңгелді-Өзеңкі (Қазақстан Республикасы).

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК